Russell Bedford
taking you further

Audit, Consulting, Tax

Russell Bedford
GROUP OF COMPANIES

Appraisal, Training, IT-Audit

«Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ

Қаржылық есептілік

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,
тәуелсіз аудитордың
аудиторлық қорытындысымен

Quality Management ISO 9001:2008
Voluntary participation in regular monitoring
DEKRA Certification
DEKRA certified

Russell Bedford 40 1983-2023

«Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ

Мазмұны

	Беті
2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік туралы басшылықтың мәлімдемесі	
Тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы	
2025 жыл үшін қаржылық есептілік:	
Қаржылық жағдай туралы есеп	1-2
Пайда мен залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	4
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	5
Қаржылық есептілікке ескертпелер	6-44

«Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік туралы басшылықтың мәлімдемесі

Тәуелсіз аудиторлардың ұсынылған есебінде қамтылған аудиторлардың міндеттерін сипаттаумен бірге қаралуға тиіс төмендегі мәлімдеме «Сарыарқы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) қаржылық есептілігіне қатысты аудиторлардың жауапкершілігін шектеу мақсатында жасалды.

Қоғам басшылығы 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша барлық елеулі аспектілерде қаржылық жағдайды, сондай-ақ осы күні аяқталған кезеңдегі оның қызметінің нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және капиталдағы өзгерістерді Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) сәйкес шынайы көрсететін қаржылық есептілікті дайындау үшін жауап береді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде Қоғам басшылығы:

- есеп саясатының қағидаттарын дұрыс таңдау мен қолдануды қамтамасыз ету;
- осындай ақпараттың орындылығын, дұрыстығын, салыстырмалылығы мен түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ақпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы деректерді ұсыну;
- ХҚЕС талаптарын орындау пайдаланушылардың қандай да бір мәмілелер, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Қоғам қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне тигізетін әсерін есептілікті түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу;
- Қоғамның таяу болашақта қызметін жалғастыру қабілетін бағалау үшін жауапты болады.

Басшылық сондай-ақ:

- Қоғамның ішкі бақылауының тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау;
- Қоғамның мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күні Қоғамның қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәлдікпен ақпарат беруге және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда есеп жүргізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХҚЕС-ке сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу;
- Қоғам активтерінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде барлық ақылға қонымды ықтимал шараларды қабылдау; және
- қаржылық және өзге де теріс пайдалану фактілерін анықтау және болдырмау үшін жауапты болады.

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін осы қаржылық есептілікті Қоғам басшылығы 2026 жылғы 23 шілдеде бекітті және оның атынан оған қол қойды:

А.Т. Жаров	**Г.С. Дрозд**
Басқарма Төрағасы	Бас бухгалтер

Russell Bedford
taking you further

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ акционері мен басшылығына

Ескертпелі пікір

Біз «Сарыарқы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ның (бұдан әрі «Қоғам») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл үшін пайда мен залал және өзге де жиынтық кірістер туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертпелерден тұратын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, «Ескертпемен пікір білдіру үшін негіздеме» бөлімінде сипатталған мәселелердің ықтимал әсерін қоспағанда, қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысын ХҚЕС-на сәйкес анық көрсетеді.

Ескертпемен пікір білдіру үшін негіз

Қаржылық есептілікке 9-ескертпеде сипатталғандай, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің құрамында Қоғамның 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 31,200,000 мың теңге мөлшеріндегі «Tengri Tyres» ЖШС-не инвестициясы көрсетілген. Осы инвестиция үлестік қаржы құралы ретінде жіктелген және ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 13 сәйкес әділ құн бойынша бағалауға жатады. Біз осы инвестицияның әділ құнына қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелер ала алмадық және тиісінше, көрсетілген бапқа, бір жыл ішіндегі қаржылық нәтижеге және қаржылық есептілікте тиісті ашылуларға қандай да бір түзетулер қажеттігін айқындай алмадық.

Сондай-ақ, аудит барысында біз Қоғамның қаржылық есептілікке 22-ескертпеде ашылғандай, корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығы бойынша салық міндеттемелерін дұрыс айқындауына байланысты мәселелерді анықтадық. Атап айтқанда, анықталған мәселелер салық салынатын кірістерді танудың толықтығына, жекелеген шегерімдердің негізділігіне, жекелеген операциялар бойынша бөлек салық есебін жүргізуге, сондай-ақ бұрын есепке жатқызылған қосылған құн салығы сомаларының дұрыстығына жатады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам қаржылық есептілікте көрсетілген салықтық тәуекелдерге қатысты міндеттемелерді танымады. Қоғамның түпкілікті позициясының және жеткілікті растау құжаттамасының болмауына байланысты біз 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және осы күні аяқталған жыл үшін корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығы бойынша міндеттемелерді ықтимал түзетулердің, тиісті шығыстардың шамасын, сондай-ақ олардың Қоғамның қаржылық нәтижесі мен капиталына әсерін айқындау үшін жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелер ала алмадық.

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз бұдан әрі «Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің кәсіби бухгалтерлердің халықаралық этика кодексіне (IESBA кодексі) сәйкес Қоғамға қатысты Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын кәсіби этика талаптарымен бірге осы талаптарға және IESBA кодексіне сәйкес өзге де міндеттерді орындадық.

Біз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікірімізді ескертпемен білдіруге негіз болуға жеткілікті және лайықты деп есептейміз.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – біздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті үшін неғұрлым маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер біздің қаржылық

есептілік аудитінің контексінде және осы есептілік туралы біздің пікірімізді қалыптастыру кезінде қаралды және біз бұл мәселелер туралы жеке пікір білдірмейміз.

Біз аудиттің негізгі мәселелері жоқ екенін анықтадық, олар туралы біздің аудиторлық қорытындыда хабарлау қажет.

Басқа мәліметтер

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қоғамның шоғырландырылған қаржылық есептілігін 2025 жылғы 10 шілдеде көрсетілген есептілікке қатысты өзгертілмеген пікір білдірген басқа аудитор аудиттеді.

Қоғамның 2024 жылғы қаржылық есептілігі шоғырландырылған қаржылық есептілік болып табылады және ХҚЕС (IFRS) 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» талаптарына сәйкес Қоғамның және оның еншілес ұйымының қаржылық көрсеткіштерін қамтиды. Еншілес ұйым көрсеткіштерінің қаржылық жағдайдың, қаржылық нәтижелердің және ақша ағындарының шоғырландырылған көрсеткіштеріне әсері елеусіз болды

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық ХҚЕС-на сәйкес көрсетілген қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашқаны үшін және басшылық Коғамды таратуға, оның қызметін тоқтатуға немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілікті жасағаны үшін жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Қоғамның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалау үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтар болмайтынына және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығаруға ақылға қонымды сенімділік алу болып табылады.

Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит олар болған кезде әрқашан елеулі бұрмалаушылықтарды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды.

Бұрмалаулар жосықсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген болжау мүмкін болса, елеулі болып саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымды қолданамыз және бүкіл аудит бойы кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз төмендегілерді орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан қаржы есептілігінің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдер әзірлейміз және жүргіземіз; өз пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелі қатенің нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, ақпаратты қасақана жіберуді, бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сай келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатынсыз аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің

ұғымын аламыз; қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бағалау мәндерінің және басшылық дайындығын ақпаратты тиісті ашудың негізділігін бағалаймыз;

- басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде – нәтижесінде Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігіне елеулі күмән туындауы мүмкін оқиғалармен немесе шарттармен байланысты елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деп тұжырым жасасақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда қаржы есептілігінде ақпараттың сәйкесінші ашылуына назар аударуға немесе, егер ақпаратты мұндай ашу лайықсыз болып табылса, өз пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдарымыз өзіміздің аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкеп соғуы мүмкін;
- қаржылық есептілікті тұтастай ұсынуды, ақпаратты ашуды қоса алғанда, оның құрылымы мен мазмұнын, сондай-ақ жеке қаржылық есептілік оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуы қамтамасыз етілетіндей етіп білдіре ме дегенге бағалау жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырып, олардың назарына, оның ішінде аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері және аудитордың назарын аударған маңызды мәселелер туралы, оның ішінде аудит процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және осы тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне негізделген түрде әсер ететін барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда тиісті сақтық шаралары туралы хабарлағанымыз туралы өтініш береміз.

Сәуле Бадамбаева
«Russell Bedford A+ Partners» ХАК» ЖШС
Аудит жөніндегі серіктесі
Аудитордың біліктілік куәлігінің № МФ-0000720, 10.01.2019 ж.

Шолпанай Құдайбергенова
«Russell Bedford A+ Partners» ХАК» ЖШС Бас директоры
Аудиторлық қызметпен айналысуға арналған №18013076 мемлекеттік лицензиясын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2018 жылғы «03» шілдеде берген.

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

2026 жылғы 23 шілде

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп

мың теңге	Ескерту	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)	2024 жылғы 1 қаңтар (қайта есептелген)
АКТИВТЕР				
Ұзақ мерзімді активтер				
Негізгі құралдар	6	321,832	208,954	209,214
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	7	209,488	226,258	228,670
Материалдық емес активтер		22,342	4,898	2,559
Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар	8	2,130,666	2,128,418	2,125,216
Әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	9	33,700,000	31,200,000	31,200,000
Инвестициялық бағалы қағаздар		82,113	80,312	72,078
Берілген қарыздар - ұзақ мерзімді бөлім	10	7,903,636	9,047,500	–
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	11	11,550	14,060	16,247
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	12	76,594	149,514	193,073
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		**44,458,221**	**43,059,914**	**34,047,057**
Қысқа мерзімді активтер				
Қорлар	13	155,106	150,226	223,799
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		221,791	112,724	75,012
Берілген аванстар және өзге де ағымдағы активтер	14	938,962	390,555	75,098
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активі	15	–	500,000	–
Берілген қарыздар – қысқа мерзімді бөлім	10	3,288,365	2,349,212	1,168,338
Саудалық және өзге де дебиторлық берешек	11	32,670	1,642,096	29,512
РЕПО бойынша актив	16	1,999,310	–	–
Банк депозиттері	17	–	2,131,058	571,360
Ақша қаражаты және олардың баламалары	18	10,832,180	5,740,154	1,503,080
Қысқа мерзімді активтер жиыны		**17,468,384**	**13,016,025**	**3,646,199**
Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер	19	183,581	187,957	2,033,424
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		**62,110,186**	**56,263,896**	**39,726,680**

Russell Bedford A+ Partners

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп

мың теңге	Ескерту	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан *(қайта есептелген)*	2024 жылғы 1 қаңтар *(қайта есептелген)*
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Капитал				
Акционерлік капитал	20	73,465,910	70,965,910	70,937,723
Өзге де резервтер	20	(18,718,575)	(18,718,575)	(18,718,575)
Жинақталған залалдар		(17,929,059)	(18,316,497)	(18,160,209)
Капитал жиыны		**36,818,276**	**33,930,838**	**34,058,939**
Ұзақ мерзімді міндеттемелер				
Алынған ұзақ мерзімді қарыздар	21	20,253,212	18,774,666	2,682,865
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	22	2,272,812	2,272,812	2,272,812
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі		18,980	22,296	–
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		**22,545,004**	**21,069,774**	**4,955,677**
Қысқа мерзімді міндеттемелер				
Алынған қысқа мерзімді қарыздар	21	2,228,599	42,911	19,112
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек	23	506,113	1,208,786	682,910
Салықтар мен төлемдер		12,194	11,587	10,042
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны		**2,746,906**	**1,263,284**	**712,064**
Міндеттемелер жиыны		**25,291,910**	**22,333,058**	**5,667,741**
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		**62,110,186**	**56,263,896**	**39,726,680**

Осы қаржылық есептілікті Қоғам басшылығы мақұлдады және оның атынан оған қол қойды:

А.Т. Жаров
Басқарма Төрағасы

Г.С. Дрозд
Бас бухгалтер

2026 жылғы 23 шілде

Russell Bedford A+ Partners

Түсіндірме ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп

мың теңге	Еск.	2025 жыл	2024 жыл *(қайта есептелген)*
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	24	760,492	463,806
Өткізудің өзіндік құны	25	(532,718)	(249,694)
Жалпы кіріс		**227,774**	**214,112**
Әкімшілік шығыстар	26	(422,484)	(388,815)
Қаржылық кірістер/шығыстар, нетто	27	907,600	402,243
Өзге де кірістер	28	564,753	177,576
Өзге де шығыстар	29	(197,654)	(14,015)
Қауымдасқан ұйымдардың пайдасындағы үлесі	8	2,248	3,202
Залалдарды қалпына келтіру/құнсыздануан (залалдар)	30	(659,236)	(508,924)
Салық салынғанға дейінгі кіріс/(залал)		**423,001**	**(114,621)**
Табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығыстар)		3,316	(22,296)
Таза кіріс/(залал)		**426,317**	**(136,917)**
Жыл ішіндегі өзге де жиынтық кіріс		–	–
Жалпы жиынтық кіріс/(залал)		**426,317**	**(136,917)**

Осы қаржылық есептілікті Қоғам басшылығы мақұлдады және оның атынан оған қол қойды:

А.Т. Жаров — Басқарма Төрағасы

Г.С. Дрозд — Бас бухгалтер

2026 жылғы 23 шілде

Түсіндірме ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды

«Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс)

мың теңге	2025 жыл	2024 жыл *(қайта есептелген)*
Операциялық қызмет		
Сатып алушылардан алынған ақша қаражаты	1,457,952	470,061
Өзге де түсімдер	109,258	47,749
Жеткізушілер мен мердігерлерге төленген ақша қаражаты	(1,213,997)	(1,078,500)
Қызметкерлерге төленген ақша қаражаты	(260,636)	(204,609)
Төленген өзге де салықтар мен әлеуметтік төлемдер	(125,504)	(96,811)
Өзге де төлемдер	(32,735)	(2,554)
Операциялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты	**(65,662)**	**(864,664)**
Инвестициялық қызмет		
Берілген қарыздарды қайтару	1,410,886	77,876
Алынған сыйақылар	588,608	214,001
Қауымдасқан ұйымдардағы қатысу үлесін сату	1,340,392	520,000
Депозиттерді (орналастыру)/алу	2,065,357	(1,501,874)
Берілген қарыздар	(1,205,354)	(10,303,086)
«Кері РЕПО» мәмілелері бойынша операциялар	(1,999,310)	–
Қауымдасқан компанияның жарғылық капиталына салым	(2,500,000)	–
Негізгі құралдарды, инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатып алу	(294,792)	–
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты	**(594,213)**	**(10,993,083)**
Қаржылық қызмет		
Қарыз алу	4,835,425	16,614,192
Шығарылған акцияларға ақы төлеу	2,500,000	–
Қарыздарды өтеу	(1,270,000)	(500,000)
Дивидендтер төлеу	(38,879)	(19,371)
Қаржы қызметінен алынған таза ақша қаражаты	**6,026,546**	**16,094,821**
Ақша қаражатының таза ұлғаюы (азаюы)	5,366,671	4,237,074
Күтілетін кредиттік залалдар резервіндегі өзгеріс	(274,645)	–
Кезең басындағы ақша қаражаты	5,740,154	1,503,080
Кезең соңындағы ақша қаражаты	**10,832,180**	**5,740,154**

Осы қаржылық есептілікті Қоғам басшылығы мақұлдады және оның атынан оған қол қойды:

А.Т. Жаров
Басқарма Төрағасы

Г.С. Дрозд
Бас бухгалтер

2026 жылғы 23 шілде

Түсіндірме ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы есеп

мың теңге	Акционерлік капитал	Өзге де резервтер	Жинақталған залалдар	Капитал жиыны
2024 жылғы 1 қаңтардағы сальдо (қайта есептелген)	**70,937,723**	**(18,718,575)**	**(18,160,209)**	**34,058,939**
Акциялар шығару	28,187	–	–	**28,187**
Жыл ішіндегі таза залал (қайта есептелген)	–	–	(136,917)	**(136,917)**
Дивидендтер	–	–	(19,371)	**(19,371)**
2024 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо (қайта есептелген)	**70,965,910**	**(18,718,575)**	**(18,316,497)**	**33,930,838**
Акциялар шығару	2,500,000	–	–	**2,500,000**
Жыл ішіндегі таза кіріс	–	–	426,317	**426,317**
Дивидендтер	–	–	(38,879)	**(38,879)**
2025 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	**73,465,910**	**(18,718,575)**	**(17,929,059)**	**36,818,276**

Осы қаржылық есептілікті Қоғам басшылығы мақұлдады және оның атынан оған қол қойды:

А.Т. Жаров
Басқарма Төрағасы

Г.С. Дрозд
Бас бухгалтер

2026 жылғы 23 шілде

Түсіндірме ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ (бұдан әрі – «Қоғам») «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» АҚ-ын бөлу жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылды.

Қайта ұйымдастыру «Қарағанды облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» ММ 2010 жылғы 31 тамыздағы № 227 бұйрығына сәйкес жүргізілді. Бастапқы мемлекеттік тіркеу 2010 жылғы 19 қазанда жүргізілді, тіркеу нөмірі № 24995-1930-АҚ. БСН 101040010783.

Қоғамның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, 100000, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 4.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның жалғыз акционері «Қарағанды облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады. Түпкілікті бақылаушы тарап Қарағанды облысының әкімдігі болып табылады.

Қоғамның негізгі мақсаты Қарағанды облысының экономикалық дамуына жәрдемдесу, кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау, инвестицияларды тарту және өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

Қоғам қызметінің негізгі бағыттары:

- инвестициялық жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- кәсіпкерлікті және әлеуметтік саланы қолдаудың мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларын іске асыру;
- шағын өнеркәсіптік аймақтарды қоса алғанда, инфрақұрылымды құру және дамыту;
- өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру және пайдалану;
- Қоғамға берілген инвестициялар мен активтерді басқару.

Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асырады. Қоғамның активтері мен міндеттемелері Қазақстан Республикасының аумағында болады.

Қоғамның органдары мыналар болып табылады: Жоғары орган – Жалғыз акционер, басқару органы – Директорлар кеңесі, атқарушы орган – Басқарма.

Басқару органдарының құзыреті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен айқындалады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам «Silk Road Electronics» ЖШС-де 20% мөлшерінде қатысу үлесіне және «Atameken Karagandy» МҚҰ» ЖШС-де 49% мөлшерінде қатысу үлесіне ие болды. Осы ұйымдарға инвестициялар ХҚЕС (IAS) 28 сәйкес үлестік қатысу әдісімен ескеріледі.

Бұдан басқа, Қоғам «Абай» сервистік-дайындау орталығы» ЖШС-не 99% қатысу үлесіне ие болды. 2024 жылғы ақпанда Қоғам көрсетілген үлесті сатып алу-сату шартын жасасты. Шарт талаптарына сәйкес үлеске құқықтың ауысуы және қатысушылар құрамындағы өзгерістерді мемлекеттік қайта тіркеу сатып алушы үлестің құнын толық төлегеннен кейін жүзеге асырылады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша үлестің құнын толық төлеу және оны сатып алушыға мемлекеттік қайта тіркеу аяқталған жоқ, осыған байланысты Қоғам «Абай» сервистік-дайындау орталығы» ЖШС-не бақылауды сақтап қалды. Қатысу үлесі сатуға арналған актив ретінде жіктелді және толық құнсызданды. Инвестициялардың толық құнсыздануын тану ұйымға бақылаудың болуы туралы қорытындыға әсер етпейді.

Russell Bedford A Partners

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Сәйкестік туралы мәлімдме

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес шығарған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалды.

Ұсыну негізі

Осы қаржылық есептілік мынадай баптарды қоспағанда, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті қоспағанда, есептеу қағидаты және бастапқы құн қағидаты негізінде дайындалды:

- ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері;
- ХҚЕС (IAS) 28 сәйкес үлестік қатысу әдісімен ескерілетін қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар;
- ХҚЕС (IFRS) 5 талаптарына сәйкес сатуға арналған және бағаланатын ретінде жіктелген инвестициялар мен өзге де ұзақ мерзімді активтер.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салыстырмалы көрсеткіштер өткен кезеңдердің елеулі қателерін түзету салдарынан ретроспективті түрде қайта есептелді. Қайта есептеудің сипаты мен сандық әсері 5-ескертпеде ашылған.

Үздіксіз қызмет қағидаты

Осы қаржылық есептілік әдеттегі қызмет барысында активтерді сатуды және міндеттемелерді өтеуді болжайтын қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалға сүйене отырып дайындалды.

Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау кезінде басшылық осы қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап кемінде он екі ай кезеңдегі болашақ туралы барлық қолжетімді ақпаратты қарады.

Жүргізілген бағалаудың нәтижелері бойынша басшылық Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғаларға немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктерді анықтаған жоқ. Осыған байланысты қаржылық есептілік қызметті үздіксіз негізде жалғастыру мүмкін болмаған жағдайда талап етілетін түзетулерді қамтымайды.

Есеп саясатын қолдану дәйектілігі және салыстырмалы ақпарат

Есеп саясатын Қоғам осы қаржылық есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге қатысты дәйекті түрде қолданған және 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген жаңа және өзгертілген стандарттарды қолдануды қоспағанда, 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған есеп саясатына сәйкес келеді.

Өткен кезеңдердің қателерін түзету және салыстырмалы ақпаратты ретроспективті қайта есептеу есеп саясатының өзгерісі болып табылмайды. Қайта есептеу туралы ақпарат 5-ескертпеде берілген.

Қоғам шығарылған стандарттарды, түсініктемелер мен түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ, бірақ 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдық кезең үшін күшіне енген жоқ.

Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы

Қоғамның функционалдық валютасы қазақстандық теңге болып табылады, ол Қоғам өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық ортаның валютасы болып табылады. Қазақстан теңгесі де осы қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылады.

Барлық сомалар мың қазақстандық теңгемен ұсынылған және егер өзгеше көрсетілмесе, таяудағы мыңға дейін дөңгелектелген.

Russell Bedford A+ Partners

3. ЖАҢА СТАНДАРТТАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СТАНДАРТТАР МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕРГЕ ТҮЗЕТУЛЕР

Күшіне енген және Қоғам қолданатын стандарттар мен түзетулер.

ХҚЕС (IAS) 21 «Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері» түзетуі — валюта айырбасталымының болмауы

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап екі валюта арасында айырбастау мүмкін болмаған жағдайларда айырбас бағамын айқындау тәртібін белгілейтін IAS 21 түзету күшіне енді. Түзету валютаны айырбасталмайтын деп тану критерийлерін, баламалы айырбас бағамын айқындауға қойылатын талаптарды, сондай-ақ ақпаратты ашуға қойылатын кеңейтілген талаптарды енгізеді.

Түзету бастапқы қолданылған күннен бастап қолданылады; салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді. Бастапқы қолданудың әсері тиісті баптардың кіріс қалдықтарының құрамында көрсетіледі. Осы түзетуді қолдану Қоғамның қаржылық жағдайы мен қызметінің нәтижелеріне елеулі әсер еткен жоқ.

Шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар мен түзетулер.

ХҚЕС (IFRS) 18 «Қаржылық есептілікте ақпарат беру және ашу»

IFRS 18 стандарты IAS 1-ді ауыстырады және операциялық, инвестициялық және қаржылық қызмет бойынша кірістер мен шығыстарды жіктеуді, сондай-ақ ХҚЕС-ке сәйкес есептелген көрсеткіштермен келісе отырып, пайданың басқарушылық көрсеткіштерін (ПБК) міндетті түрде ашуды қоса алғанда, пайда мен залал туралы есепті ұсынуға қойылатын жаңа талаптарды енгізеді.

Стандарт 2027 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді және ретроспективті қолдануға жатады. Қоғам IFRS 18-нің қаржылық есептілікте ақпаратты ұсынуға және ашуға ықтимал әсерін бағалайды.

ХҚЕС (IFRS) 19 «Жариялы есептілігі жоқ еншілес компаниялар: ақпаратты ашу»

IFRS 19 топ құрамында ХҚЕС қолданатын бағаланбайтын еншілес компаниялар үшін ақпаратты ашуға оңайлатылған талаптарды белгілейді. Стандарт тануға және бағалауға қойылатын талаптарды өзгертпейді, тек ашылу көлеміне ғана қатысты.

ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулері

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін түзетулер шартты ақша ағындары бар шарттарды (оның ішінде ESG-шарттары бар), электрондық төлем платформалары арқылы жүзеге асырылатын операцияларды есепке алуды қоса алғанда, қаржы құралдарын жіктеуге және бағалауға қатысты, сондай-ақ амортизацияланған құн бойынша ескерілетін қаржы активтері бойынша ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды кеңейтеді. Қоғам осы түзетулердің қаржылық есептілікке ықтимал әсеріне бағалау жүргізеді.

ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірулері

Жыл сайынғы жетілдіру жобасы шеңберінде IFRS 1, IFRS 7, IFRS 9, IFRS 10 және IAS 7 жекелеген ережелерін қозғайтын өзгерістер шығарылды. Түзетулер 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және нақтылау және түсіндіру сипатында болады. Қоғам осы өзгерістердің қаржылық есептілікке елеулі әсерін күтпейді.

Russell Bedford A+ Partners

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді ретінде жіктеу

Қоғам қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып бөлінген қаржылық жағдай туралы есепте активтер мен міндеттемелерді ұсынады.

Актив, егер:

- әдеттегі операциялық цикл шеңберінде оны өткізу, сату немесе тұтыну болжанса;
- ол сауда мақсаттары үшін басымдықпен ұсталса;
- оны есепті күннен кейін он екі ай ішінде іске асыру болжанса; не
- ол есепті күннен кейін кемінде он екі ай ішінде міндеттемелерді өтеу үшін оларды пайдалануға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ақша қаражатын немесе олардың баламаларын білдірсе, қысқа мерзімді ретінде жіктеледі.

Барлық өзге активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Міндеттеме, егер:

- оны әдеттегі операциялық цикл шеңберінде өтеу болжанса;
- ол сауда мақсаттары үшін басымдықпен ұсталса;
- ол есепті күннен кейін он екі ай ішінде өтелуге тиіс болса; не
- Қоғамның есепті күнгі жағдайы бойынша міндеттемені өтеуді есепті күннен кейін кемінде он екі айға кейінге қалдыруға құқығы жоқ болса, қысқа мерзімді ретінде жіктеледі.

Барлық өзге міндеттемелер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі. Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Әділ құнды бағалау

Әділ құн активті сату кезінде алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасындағы әдеттегі мәміле шеңберінде міндеттемені беру кезінде төленетін бағаны білдіреді.

Әділ құнды бағалау кезінде мәміле тиісті актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта не негізгі нарық болмаған кезде, Қоғамға қолжетімді неғұрлым қолайлы нарықта жүзеге асырылады деп болжанады.

Қоғам мән-жайларға сәйкес келетін және барынша қолжетімді бақыланатын бастапқы деректерді пайдалануды және бақыланбайтын бастапқы деректерді барынша аз пайдалануды қамтамасыз ететін бағалау әдістерін қолданады.

Әділ құнды бағалау мынадай сатылық шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей — ұқсас активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда бағаланатын бағалар;
- 2-деңгей — тікелей немесе жанама бақыланатын 1-деңгейдің бағаланатын бағаларынан ерекшеленетін бастапқы деректер;
- 3-деңгей — елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер.

Сатылық деңгейі жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде айқындалады.

Russell Bedford A+ Partners

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған тозу мен құнсызданудан жинақталған залалдар шегеріле отырып, бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Бастапқы құн сатып алу бағасын, өтелмейтін салықтарды, активті жеткізу және оны мақсаты бойынша пайдалану үшін қажетті жағдайға келтіру шығындарын, сондай-ақ өзге де тікелей жатқызылатын шығындарды қамтиды.

Егер болашақ экономикалық пайда алу ықтималдығы болса және құн сенімді бағалануы мүмкін болса, кейінгі шығындар объектінің баланстық құнына енгізіледі не жеке актив ретінде танылады. Ауыстырылған бөліктің баланстық құны танылуын тоқтатады. Ағымдағы жөндеуге және қызмет көрсетуге арналған шығыстар олардың пайда болуына қарай пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

Тозу активті ұтымды пайдаланудың күтілетін мерзімі ішінде желілік әдіспен есептеледі. Жер учаскелері амортизацияланбайды.

Ұтымды пайдаланудың күтілетін мерзімдері, тарату құны және тозуды есептеу әдісі әрбір есепті күнге қайта қаралады. Өзгерістер болашақта бухгалтерлік бағалаудың өзгерістері ретінде ескеріледі.

	Пайдалы қызмет мерзімі, жыл
Ғимараттар мен құрылыстар	4-50
Машиналар мен жабдықтар	4-15
Көлік құралдары	4-10
Негізгі құралдардың басқа түрлері	2-10

Негізгі құралдың шығуынан кіріс немесе залал шығудан түсетін түсімдер мен объектінің баланстық құны арасындағы айырма ретінде айқындалады және өзге де кірістер немесе шығыстар құрамында танылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік жалдау кірісін, капитал құнының өсімін алу үшін не екі мақсат үшін ұсталатын жер учаскелерін, ғимараттарды, құрылыстарды және өзге де жылжымайтын мүлік объектілерін қамтиды.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік бастапқыда тікелей жатқызылатын шығындарды қоса алғанда, сатып алу құны бойынша танылады. Кейіннен ол жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған залалдарды шегергендегі бастапқы құн бойынша ескеріледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік құрамына енгізілген ғимараттар мен құрылыстардың амортизациясы ұтымды пайдаланудың күтілетін мерзімі ішінде желілік әдіспен есептеледі. Жер учаскелері амортизацияланбайды.

Объектіні инвестициялық жылжымайтын мүлік құрамына немесе құрамынан ауыстыру оны пайдалану сипаты нақты өзгерген кезде ғана жүргізіледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүлікті операциялық жалдаудан түскен кірістер жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен танылады.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша танылады және кейіннен жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалдар шегеріле отырып, бастапқы құны бойынша ескеріледі.

Түпкілікті ұтымды пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтер күтілетін ұтымды пайдалану мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады.

Russell Bedford A+ Partners

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Ұтымды пайдалану мерзімдері мен амортизация әдістері әрбір есепті күнге қайта қаралады. Бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеуге, қызмет көрсетуге және ағымдағы жаңартуға арналған шығындар, егер олар жекелеген материалдық емес активті тану критерийлеріне сәйкес келмесе, туындауына қарай шығыстар деп танылады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Қоғам негізгі құралдардың, инвестициялық жылжымайтын мүліктің, материалдық емес активтердің, өзге де ұзақ мерзімді активтердің және қаржы активтері болып табылмайтын аванстардың ықтимал құнсыздану белгілерінің болуын бағалайды.

Құнсыздану белгілері болған кезде активтің немесе ақша қаражатын туындататын тиісті бірліктің өтелетін құны айқындалады. Өтелетін құн:

- істен шығуға арналған шығындарды шегергендегі әділ құнның; және
- пайдалану құндылықтарының неғұрлым үлкенін білдіреді.

Пайдалану құндылығы күтілетін болашақ ақша ағындарын активке тән ақша мен тәуекелдердің уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салуға дейінгі мөлшерлемені қолдана отырып дисконттау жолымен айқындалады.

Егер баланстық құны өтелетін құннан асып кетсе, құнсызданудан болған залал пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

Құнсызданудан бұрын танылған залал өтелетін құнды айқындау үшін пайдаланылған бағалар өзгерген кезде қалпына келтіріледі. Қалпына келтірілгеннен кейін активтің баланстық құны, егер құнсызданудан болған залал бұрын танылмаса, амортизацияны шегере отырып айқындалатын құннан аспауға тиіс.

Қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар

Қауымдастырылған ұйым болып табылады, оған қатысты Қоғамның елеулі ықпалы бар, яғни бұл ретте бақылауды немесе бірлескен бақылауды жүзеге асырмай, қаржылық және операциялық саясат бойынша шешімдер қабылдауға қатысу мүмкіндігі бар.

Қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар үлестік қатысу әдісімен ескеріледі.

Бастапқыда инвестиция сатып алу құны бойынша танылады. Кейіннен инвестициялардың баланстық құны Қоғамның пайдадағы немесе залалдағы және қауымдасқан ұйымның өзге де жиынтық кірісіндегі үлесіне ұлғаяды немесе азаяды, сондай-ақ дивидендтерге және инвестициялар объектісінің таза активтерінің өзге де өзгерістеріне түзетіледі.

Қауымдасқан ұйымдардың пайдасындағы немесе залалындағы Қоғамның үлесі пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте жеке жол болып танылады.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Қоғам инвестициялардың құнсыздануының объективті белгілерінің болуын бағалайды. Мұндай белгілер болған кезде инвестицияның барлық баланстық құны оның өтелетін құнымен салыстыру жолымен бірыңғай актив ретінде құнсыздануға тестіленеді.

Қаржы құралдары

Нәтижесінде бір ұйымда қаржы активі, ал екінші ұйымда — қаржылық міндеттеме немесе үлестік құрал пайда болатын шарт қаржы құралы болып табылады.

Қаржылық активтер мен міндеттемелер Қоғам тиісті құралдың шарттық ережелерінің тарабы болғанда танылады.

Russell Bedford A+ Partners

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы активтерін бастапқы тану

Бастапқы тану кезінде қаржы активтері әділ құн бойынша бағаланады. Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтеріне қатысты әділ құн мәміле бойынша тікелей жатқызылатын шығындарға түзетіледі.

Қаржыландырудың елеулі компоненті жоқ сауда дебиторлық берешек бастапқыда ХҚЕС (IFRS) 15 сәйкес айқындалған мәміле бағасы бойынша бағаланады.

Қоғамның қаржылық активтері:

- инвестициялық бағалы қағаздарды;
- берілген қарыздарды;
- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активін;
- ұзақ мерзімді, саудалық және өзге де дебиторлық берешекті;
- кері РЕПО операциялары бойынша активті;
- банк депозиттерін;
- ақша қаражаты және олардың баламаларын;
- әділ құны бойынша бағаланатын бағаланбайтын үлестік қаржы құралдарын қамтиды.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

Егер бір мезгілде мынадай талаптар орындалса, қаржы активі амортизацияланған құны бойынша бағаланады:

- актив мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады; және
- шарттық ақша ағындары тек негізгі соманың өтелмеген бөлігіне негізгі соманың және пайыздардың төлемдерін білдіреді.

Бастапқы танылғаннан кейін мұндай активтер күтілетін кредиттік залалдар резервін шегергендегі тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Осы санатқа Қоғам инвестициялық борыштық бағалы қағаздарды, берілген қарыздарды, «Central Stroy» ЖШС-мен шарт бойынша қаржы активін, дебиторлық берешекті, кері РЕПО операциялары бойынша активті, банк депозиттерін және қаржы активін айқындауға жауап беретін бөлігіндегі ақша қаражатын жатқызады.

Пайыздық кіріс, құнсыздануған болған залалдар, тану мен түрлендіруді тоқтатудан болған пайда немесе залал пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері

Еншілес немесе қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар болып табылмайтын және оларға қатысты Қоғам өзге де жиынтық кіріс құрамында әділ құнның өзгерістерін ұсынуды қайтарып алынбайтын таңдау жасамаған үлестік құралдарға инвестициялар пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады.

Бастапқы танылғаннан кейін мұндай инвестициялар әрбір есепті күнге әділ құн бойынша қайта бағаланады. Әділ құнның өзгеруі пайда немесе залалдың құрамында танылады.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Бағаланбайтын үлестік құралдарға қатысты әділ құн дисконтталған ақша ағындары әдісін, салыстырмалы компаниялар әдісін, таза активтер әдісін немесе мән-жайларға сәйкес келетін өзге де әдістерді қоса алғанда, бағалау модельдерін пайдалана отырып айқындалады. Мұндай бағалаулар әдетте әділ құнның 3-деңгейіне жатады.

Кері РЕПО операциялары

Кері РЕПО операциялары шеңберінде контрагенттерге берілген ақша қаражаты бағалы қағаздармен қамтамасыз етілген қаржы активі ретінде танылады және амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

Қамтамасыз ету ретінде алынған бағалы қағаздар, егер оларды иелену тәуекелдері мен пайдасы Қоғамға өтпесе, қаржылық жағдай туралы есепте танылмайды.

Берілген қаражат сомасы мен кері алу сомасы арасындағы айырма тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, мәміле мерзімі ішінде пайыздық кіріс ретінде танылады.

Қаржы активтерін тануды тоқтату және түрлендіру

Қаржы активін тану, егер:

- ақша ағындарын алуға шарттық құқықтар аяқталса;
- Қоғам ақша ағындарын алу құқығын және активті иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды берсе; не
- Қоғам берілген активке бақылауды сақтамаса, тоқтатылады.

Қаржы активінің шарттық талаптары өзгерген кезде Қоғам жаңа талаптардың бастапқыдан айтарлықтай өзгеше болып табылатынын бағалайды.

Егер шарттардың өзгеруі елеулі болып табылса, бастапқы қаржы активін тану тоқтатылады және жаңа қаржы активі танылады. Тоқтатылған активтің баланстық құны мен жаңа активтің әділ құны арасындағы айырма пайда немесе залалдың құрамында танылады.

Егер шарттардың өзгеруі тануды тоқтатуға алып келмесе, активтің жалпы баланстық құны бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша өзгертілген ақша ағындарын дисконттау жолымен қайта есептеледі. Түрлендіруден туындайтын пайда немесе залал пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Қоғам амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтеріне қатысты күтілетін кредиттік залалдар резервін таниды.

Бастапқы тану кезінде және кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаю сәтіне дейін резерв он екі айлық күтілетін кредиттік залалдар сомасында бағаланады. Бастапқы тану күнінен бастап кредиттік тәуекел елеулі ұлғайған кезде резерв қаржы құралының бүкіл қолданылу мерзімінде күтілетін кредиттік залалдар сомасында бағаланады.

Сауда дебиторлық берешекке қатысты Қоғам оңайлатылған тәсілді қолданады, оған сәйкес резерв қаржы құралының бүкіл қолданылу мерзімінде күтілетін кредиттік залалдар сомасында бағаланады.

Russell Bedford A+ Partners

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау кредиттік залалдардың ықтималдығын ескере отырып сараланған бағалауды білдіреді және мыналарды:

- өткен оқиғалар туралы негізделген және расталатын ақпаратты;
- ағымдағы экономикалық жағдайларды;
- болашақ экономикалық жағдайлардың болжамдарын;
- қамтамасыз ету құны және оны іске асырудың күтілетін мерзімдерін;
- ақшаның уақытша құнын ескереді.

Кредиттік тәуекелді бағалау кезінде Қоғам мерзімін өткізіп алудың болуы мен ұзақтығын, қарыз алушының қаржылық жағдайын, шарттық талаптардың бұзылуын, сот талқылауларын, қамтамасыз етудің сапасы мен өтімділігін, сондай-ақ күтілетін ақша ағындарын қоса алғанда, сандық және сапалық факторларды ескереді.

Егер осы актив бойынша күтілетін болашақ ақша ағындарына теріс әсер ететін бір немесе бірнеше оқиға болса, қаржы активі кредиттік құнсызданған болып есептеледі.

Кредиттік-құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс қаржылық активтің амортизацияланған құнына, яғни күтілетін кредиттік залалдар резервін шегергендегі оның жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану жолымен есептеледі.

Егер Қоғамның оны өтеуге негізделген күтулері болмаса, қаржы активінің жалпы баланстық құны толық немесе ішінара есептен шығарылады. Есептен шығару Қоғамды заңнамада және шартта көзделген берешекті өндіріп алу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырудан босатпайды.

Күтілетін кредиттік залалдарды есептеу

Қоғам күтілетін кредиттік залалдарды ықтимал сценарийлердің ықтималдығын ескере отырып мөлшерленген ақша қаражатының күтілетін толық алынбауының келтірілген құны ретінде бағалайды.

Ақша қаражатын толық алмау шартқа сәйкес Қоғамға тиесілі ақша ағындары мен Қоғам алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырманы білдіреді.

Күтілетін ақша қаражатының толық алынбауы қаржы құралы бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алғандағы мәнін пайдалана отырып дисконтталады.

Күтілетін кредиттік залалдарды есептеудің негізгі элементтері:

Дефолт ықтималдығы (PD)	Белгілі бір кезең ішінде қаржы құралы бойынша дефолттың басталуының есептік ықтималдығы.
Дефолт тәуекеліне ұшырайтын шама (EAD)	Шартта көзделген борыш пен пайыздардың негізгі сомасын өтеуді, сыйақы есептеуді және қаржы құралының баланстық құнының өзге де күтілетін өзгерістерін ескере отырып, ықтимал дефолт күніндегі берешектің күтілетін шамасы.
Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі (LGD)	Дефолт туындаған жағдайда қарыз алушыдан күтілетін түсімдерді, қамтамасыз етудің құны мен өтімділігін, оны іске асыру мерзімдерін, сондай-ақ берешекті өндіріп алуға және қамтамасыз етуді іске асыруға байланысты шығындарды ескере отырып айқындалатын шығындар үлесін бағалау.

Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау кезінде Қоғам макроэкономикалық жағдайлардың ықтимал өзгерістерін көрсететін базалық және қолайсыз болжамды сценарийлерді пайдаланады. Әрбір сценарийге тиісті ықтималдық салмағы беріледі.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

2025 жылғы 8 қазандағы қосымша келісіммен шарттың мерзімі 2026 жылғы 24 сәуірге дейін ұзартылды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активі қысқа мерзімді ретінде жіктелген.

16. РЕПО БОЙЫНША АКТИВ

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам мен «Halyk Finance» АҚ арасында 1,999,310 мың теңге сомасына (2024 жылғы 31 желтоқсанда: нөл теңге) «кері РЕПО» жабық келісімдері болды. Бұл келісімдердің мәні Еуразиялық даму банкі, «Қазақстандық орнықтылық қоры» АҚ купондық облигациялары, ҚР Қаржы министрлігінің жылдық пайыздық мөлшерлемесі 14%-18% болатын мемлекеттік бағалы қағаздары болды.

17. БАНК ДЕПОЗИТТЕРІ

мың теңге	Валюта	% мөлшерлеме	Мерзімі өтелім	31.12.2025	31.12.2024 *қайта есептелген*	01.01.2024 *қайта есептелген*
Теңгедегі жинақ шоттарындағы ақша қаражаты	Теңге	15%	мамыр 2025	-	2,065,357	563,483
Алынатын сыйақылар				-	65,701	7,877
				-	**2,131,058**	**571,360**

Уақытша еркін өтімділікті басқару шеңберінде Қоғам ақша қаражатын қысқа мерзімді банктік депозиттерге 3 ай мерзімге орналастыруды жүзеге асырды. Мұндай операциялар ақша қаражатының сақталуы, өтімділіктің қажетті деңгейін қолдау және пайыздық кіріс алу мақсатында жүзеге асырылды. Ақша қаражатын орналастырудан түскен кірістер есепті кезеңде қаржылық кірістердің құрамында танылды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның жинақ шоттарында ақша қаражаты болмаған.

18. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

мың теңге	31.12.2025	31.12.2024 *қайта есептелген*	01.01.2024 *қайта есептелген*
Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаты	9,555,291	259,894	1,263,496
Қазынашылық шоттардағы ақша қаражаты	1,742,084	1,498,970	-
Жинақ шоттарындағы ақша қаражаты	281	4,172,811	431,105
Брокерлік шоттардағы ақша қаражаты	690	-	-
Күтілетін кредиттік залалдар	(466,166)	(191,521)	(191,521)
	10,832,180	**5,740,154**	**1,503,080**

Қазынашылық шоттардағы ақша қаражатын пайдалану шектеулі сипатқа ие, өйткені ол нысаналы мемлекеттік бағдарламалар есебінен қалыптастырылған. Қазіргі уақытта Қоғам мемлекеттік бағдарламалардан уақытша қол жетімді ақша қаражатын екінші деңгейдегі банктердегі жинақ шоттарына орналастыра отырып, пайыздық кіріс алады. Жинақ шоттарындағы ақша қаражаты уақытша еркін өтімділікті басқару үшін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылатын «овернайт» үлгісіндегі қысқа мерзімді банк салымдарымен ұсынылған.

18. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ (жалғасы)

Мұндай салымдарды орналастыру мерзімі, әдетте, күн сайын ұзарту мүмкіндігімен бір банк күнінен аспайды. Сыйақы мөлшерлемесі жылдық 12.5%, алынған сыйақылар қаржылық кірістер құрамында көрсетілді және 2025 жылы 626,580 мың теңгені (2024 жылы: 309,446 мың теңге) құрады. Қысқа мерзімді сипатты, жоғары өтімділікті және құнның елеусіз өзгеру тәуекелін ескере отырып, осы депозиттер IAS 7 сәйкес ақша қаражаты және олардың баламалары ретінде жіктелген.

Күтілетін кредиттік залалдар резервінің қозғалысы былайша берілген:

мың теңге	2025	2024
1 қаңтарда	(191,521)	(191,521)
Есептелген	(274,645)	-
31 желтоқсанға	**(466,166)**	**(191,521)**

Банктердің және өзге де қаржы ұйымдарының кредиттік сапасы, егер мұндай рейтингтер берілген болса, халықаралық кредиттік рейтингтер, сондай-ақ кредиттік тәуекелді ішкі бағалау негізінде бағаланады. Күтілетін кредиттік залалдар әрбір контрагент бойынша оның қаржылық жағдайын, реттеушілік мәртебесін, дефолт ықтималдығын, дефолт кезіндегі шығындар деңгейін, қаражатты орналастыру мерзімін және өтеудің күтілетін сомасын ескере отырып жеке есептеледі.

Қаржылық қиындық белгілері бар немесе тарату процесінде тұрған қарсы агенттер бойынша ақша қаражатының қалдықтары жеке бағаланады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Астана Банкі» АҚ-да орналастырылған ақша қаражаты бойынша Қоғам 191,521 мың теңге мөлшерінде күтілетін кредиттік залалдар резервін таныды, бұл олардың жалпы баланстық құнының 100%-ына сәйкес келеді.

2025 жылы күтілетін кредиттік залалдар резервінің ұлғаюы қаржы ұйымдарында орналастырылған ақша қаражаты көлемінің өсуіне және тиісті қарсы агенттер бойынша кредиттік тәуекелді бағалаудың өзгеруіне негізделген. «Астана Банкі» АҚ-дағы ақша қаражаты бойынша резерв есепті кезеңде өзгерген жоқ және толық жалпы баланстық құн мөлшерінде көрсетілуін жалғастыруда.

19. САТУҒА АРНАЛҒАН РЕТІНДЕ ЖІКТЕЛГЕН АКТИВТЕР

мың теңге	Қатысу үлесі	31.12.2025	31.12.2024 *қайта есептелген*	01.01.2024 *қайта есептелген*
«Абай» СДО» ЖШС	99.0%	384,962	384,962	384,962
«Taldykuduk Gaz» ЖШС	20.0%	158,049	158,049	158,049
«Қияқты Көмір» БК ЖШС	30.0%	152,671	152,671	152,671
«Номад фирма» ЖШС	9.151%	150,000	150,000	150,000
«Долинская шахтасы» ЖШС	15.0%	128,543	128,543	128,543
«Арай KZ» ЖШС	27.0%	50,000	50,000	50,000
«Sabtech Jartas Mining» ЖШС	15.0%	38,072	38,072	38,072
«НАР-АС и К» ЖШС	20.0%	30,008	30,008	30,008
«СарыҚұм 2010» ЖШС	15.0%	21,188	21,188	21,188
«Arkharsu Construction» ЖШС	40.0%	9,311	9,311	9,311
«Темір Тас Сарыарқа» ЖШС	10.0%	2,851	2,851	2,851
«QazTehna» ЖШС	20.0%	-	-	1,849,843
Өзге де активтер		-	4,376	-
Активтер құнының төмендеуі		(942,074)	(942,074)	(942,074)
		183,581	**187,957**	**2,033,424**

Сатуға арналған ретінде жіктелген активтердің қозғалысы былайша берілген:

мың теңге	2025	2024
1 қаңтарда	187,957	2,033,424
Сатуға арналған активтерге қайта жіктелген	-	4,376
Жыл ішінде сатылды	(4,376)	(1,849,843)
31 желтоқсанға	**183,581**	**187,957**

Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер оларға қатысты Қоғамның уәкілетті органы іске асыру жоспарларын бекіткен ұйымдардағы қатысу үлестерімен ұсынылған.

19. САТУҒА АРНАЛҒАН РЕТІНДЕ ЖІКТЕЛГЕН АКТИВТЕР (жалғасы)

Сатуға арналған ретінде жіктелген активтердің баланстық құны былайша берілген:

мың теңге	Жалпы құн	Құнсыздануан жинақталған залал	Баланстық құн
«Абай» СДО» ЖШС	384,962	(384,962)	-
«Taldykuduk Gaz» ЖШС	158,049	(158,049)	-
«Қияқты Көмір» БК ЖШС	152,671	(42,702)	109,969
«Номад фирма» ЖШС	150,000	(150,000)	-
«Долинская шахтасы» ЖШС	128,543	(64,271)	64,272
«Арай KZ» ЖШС	50,000	(50,000)	-
«Sabtech Jartas Mining» ЖШС	38,072	(38,072)	-
«НАР-АС и К» ЖШС	30,008	(30,008)	-
«СарыҚұм 2010» ЖШС	21,188	(21,188)	-
«Arkharsu Construction» ЖШС	9,311	-	9,311
«Темір Тас Сарыарқа» ЖШС	2,851	(2,822)	29
«QazTehna» ЖШС	-		-
	1,125,655	**(942,074)**	**183,581**

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсетілген қатысу үлестері бойынша сатып алу-сату шарттары жасалды, сатып алушылар анықталды және мәмілелерді аяқтау үшін қажетті іс-шаралар басталды. Сатып алушылардан алынған аванстар саудалық және өзге де кредиторлық берешектің құрамында көрсетіледі және тиісті инвестициялардың баланстық құнын азайтпайды.

Басшылық аталған активтерді сату ықтималдығы жоғары деп есептейді және мәмілелерді аяқтау үшін қажетті шараларды қабылдауды жалғастырады. Жекелеген инвестициялар бойынша іске асыру мерзімі келісу рәсімдерінің ұзақтығы, сатып алушылардың шарттық талаптарды орындауы және мемлекеттік қайта тіркеу салдарынан он екі айдан асты. Бұл ретте сатып алу-сату шарттары қолданыста қалады, сату жоспарлары жойылмаған, ал Қоғам тиісті мәмілелерді аяқтау ниетін сақтайды.

ХҚЕС (IFRS) 5 талаптары қолданылатын активтер сатуға арналған шығындарды шегере отырып, баланстық құнның ең азы және әділ құны бойынша бағаланады. ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану аясындағы үлестік қаржы құралдары ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес бағалануын жалғастырады және жіктеудің тиісті критерийлерін орындау кезінде сатуға арналған ретінде ұсынылады.

«Абай» сервистік-дайындау орталығы» ЖШС

Қоғам «Абай» сервистік-дайындау орталығы» ЖШС 99% қатысу үлесіне ие. 2024 жылғы ақпанда Қоғам «Абат агро» ЖШС-мен көрсетілген үлесті сатып алу-сату шартын жасасты. Кейіннен үлестің құны, төлеу мерзімі мен кестесі бірнеше рет қайта қаралды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша үлестің құнын толық төлеу және қатысушылар құрамындағы өзгерістерді мемлекеттік қайта тіркеу аяқталған жоқ. Шарт талаптарына сәйкес үлеске құқық оның құны толық төленгеннен кейін сатып алушыға ауысады. Осыған байланысты есепті күнгі жағдай бойынша Қоғам «Абай» сервистік-дайындау орталығы» ЖШС-не бақылауды сақтап қалды.

Инвестиция сатуға арналған ретінде жіктелген және толық құнсызданған. Оның баланстық құны 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша нөлге тең.

«Номад» фирмасы ЖШС

Есепті күннен кейін Қоғам «Номад» фирмасы ЖШС-де 9,15% мөлшеріндегі қатысу үлесін сатуды аяқтады. Қатысушылар құрамындағы өзгерістерді мемлекеттік қайта тіркеу 2026 жылғы 23 маусымда аяқталды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсетілген инвестицияның баланстық құны 150,000 мың теңгені құрады. Қосымша ақпарат 35-ескертпеде берілген.

Russell Bedford A+ Partners

20. КАПИТАЛ

Акционерлік капитал

Қоғамның жарияланған, орналастырылған және төленген жай акциялары туралы ақпарат мынадай түрде берілген:

	31.12.2025	31.12.2024
Жарияланған жай акциялар, дана	80,000,000,000	80,000,000,000
Орналастырылған және төленген жай акциялар, дана	57,988,776,366	55,488,776,366
Акционерлік капитал, мың теңге	73,465,910	70,965,910

2025 жыл ішінде Қоғам бір акцияға 1 теңге орналастыру бағасы бойынша 2,500,000,000 жай акцияларды орналастырды. Орналастырылған акциялардың жалпы құны 2,500,000 мың теңгені құрады. Орналастыру нәтижесінде Қоғамның акционерлік капиталы 70,965,910 мың теңгеден 73,465,910 мың теңгеге дейін ұлғайды.

2024 жыл ішінде Қоғам 28,187,000 жай акцияларды орналастырды. Акциялар жылжымайтын мүлік түріндегі ақшалай емес салыммен төленді, оның әділ құны беру күні 28,187 мың теңгені құрады. Нәтижесінде Қоғамның акционерлік капиталы 70,937,723 мың теңгеден 70,965,910 мың теңгеге дейін ұлғайды.

Қоғамның жалғыз акционері және соңғы бақылаушы тарап туралы ақпарат 1-ескертпеде келтірілген.

Өзге де резервтер

Өзге резервтер жалпы бақылаудағы ұйымдарға жалғыз акционердің өкімі бойынша активтерді өтеусіз беру нәтижесінде қалыптастырылған теріс резервпен ұсынылған.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзге резервтердің сомасы 18,718,575 мың теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 18,718,575 мың теңге). 2025 және 2024 жылдар ішінде өзге резервтер бойынша қозғалыс болған жоқ.

Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дивидендтер оларды төлеу меншікті капиталдың теріс шамасына немесе Қоғамның төлем қабілетсіздігіне әкелмейтін жағдайда қолда бар бөлінбеген пайда шегінде төленуі мүмкін.

2025 жыл ішінде Қоғам капиталды бөлу ретінде 38,879 мың теңге мөлшеріндегі дивидендтерді жариялады және көрсетті. (2024 жыл: 19,371 мың теңге). 2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дивидендтер төлеу бойынша берешек болған жоқ.

Акцияға шаққандағы пайда

Базалық пайда немесе залал бір жай акцияға Қоғамның жай акцияларын ұстаушыларға келетін пайданы немесе залалды тиісті кезең ішінде айналыста болған жай акциялардың орташа өлшенген санына бөлу жолымен есептеледі.

	2025	2024 қайта есептелген
Жай акцияларды ұстаушыларға келетін пайда/(залал), мың теңге	426,317	(136,917)
Айналыстағы жай акциялардың орташа өлшенген саны, дана	56,102,474,996	55,478,764,590
Бір акцияға базалық пайда/(залал), теңге	0,0076	(0,0025)

Қоғамның тарату әсері бар әлеуетті жай акциялары болған жоқ. Осыған байланысты бір акцияға бөлінген пайда/(залал) бір акцияға базалық пайдаға/(залалға) тең.

Russell Bedford A+ Partners

21. АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР

мың теңге	Пайыздық мөлшерлеме	31.12.2025	31.12.2024 *қайта есептелген*	01.01.2024 *қайта есептелген*
«Қарағанды облысы әкімдігінің Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» ММ	0.01%	12,193,773	8,853,831	2,690,549
«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ	1.00%	10,010,724	9,928,519	-
Төленетін пайыздар		277,314	35,227	11,428
		22,481,811	**18,817,577**	**2,701,977**
Қысқа мерзімді бөлім		2,228,599	42,911	19,112
Ұзақ мерзімді бөлім		20,253,212	18,774,666	2,682,865
		22,481,811	**18,817,577**	**2,701,977**

Алынған қарыздардың қозғалысы былайша берілген:

мың теңге	2025	2024 *қайта есептелген*
1 қаңтарда	18,817,577	2,701,977
Алынған қарыздар	5,011,255	16,994,674
Алынған қарыздарды қайтару	(1,270,000)	(800,000)
ӘМАТ қарыздары бойынша шығындарды өтеу	-	(57,260)
Есептелген пайыздар	98,809	58,668
Төленген пайыздар	(175,830)	(80,482)
31 желтоқсанға	**22,481,811**	**18,817,577**

Алынған қарыздар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру және шағын өнеркәсіп аймақтарын құру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру үшін Қоғам тартқан мақсатты қаржыландырумен берілген.

«Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» ММ-нен алынған қаржыландыру жылдық 0,01% мөлшерлеме бойынша берілген және бағаларды тұрақтандыру тетігі шеңберінде кәсіпкерлік субъектілеріне кейіннен кредит беруге арналған. Қоғам пайыздық маржа алмайды, ал қаражат тек нысаналы мақсаты бойынша ғана пайдалануға жатады.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-дан алынған қаржыландыру шағын өнеркәсіп аймақтарын құру жөніндегі жобаларды кейіннен қаржыландыру үшін жылдық 1% мөлшерлеме бойынша берілді. Соңғы қарыз алушыларға қарыздар бағдарлама шарттарына сәйкес жылдық 3% мөлшерлеме бойынша беріледі.

Басшылық көрсетілген қарыздарды мемлекеттік бағдарламалық қаржыландыру құралдары ретінде қарастырады және бағдарламаларда белгіленген шарттық мөлшерлемелер тиісті нарықтың шарттарын көрсетеді деп есептейді. Қарыздар бастапқыда мәміле бағасы бойынша танылады және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Бағдарламалық қарыздар бойынша бұрын танылған дисконт 5-ескертпедегі салыстырмалы ақпаратты қайта санау кезінде түзетілді.

22. ӨЗГЕ ДЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

мың теңге	31.12.2025	31.12.2024	01.01.2024
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	2,211,202	2,211,202	2,211,202
Жою қоры	45,930	45,930	45,930
Алынған аванстар	15,680	15,680	15,680
	2,272,812	**2,272,812**	**2,272,812**

Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек Шерубайнұра көмір ауданының көмір қабаттарында метанды барлау жобасын іске асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы шарт шеңберінде туындаған «QazaqGaz» ҰК АҚ (бұрын - «ҚазТрансГаз» АҚ) алдындағы берешектермен ұсынылған.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамда аталған міндеттемені тануды өтеу, жою немесе өзгеше тоқтату үшін құжатпен расталған негіздер болған жоқ. Осыған байланысты берешек өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелердің құрамында көрсетілуін жалғастыруда. Қоғам басшылығы жобаның ағымдағы мәртебесін және міндеттеменің заңды орындалуын ескере отырып, берешекті реттеудің шарттық негіздері мен мерзімдерін бағалауды жалғастырады.

23. САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

мың теңге	31.12.2025	31.12.2024 қайта есептелген	01.01.2024 қайта есептелген
Жеткізушілер мен мердігерлерге қысқа мерзімді берешек	11,110	12,279	44,772
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер	12,942	17,378	9,651
Компаниялардағы қатысу үлестері үшін аванстар	405,430	1,138,041	618,041
Ауыл Аманаты бағдарламасы бойынша аванстар	36,270	6,286	2,068
Өзге де аванстар	6,342	32,677	8,296
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	34,019	2,125	82
	506,113	**1,208,786**	**682,910**

24. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША ТҮСІМ

мың теңге	2025	2024 қайта есептелген
Тұрақтандыру қорының тауарларын сатудан түскен кірістер	345,145	100,302
Агенттік шарттар бойынша кірістер	307,967	187,935
Жалға беруден түскен кірістер	107,380	118,309
«Тұрақтандыру қорының» тауарларын өткізу бойынша шығындарды өтеу	–	57,260
	760,492	**463,806**

Тұрақтандыру қорының тауарларын өткізуден түскен түсім, әдетте, тауарларды беру және оларды сатып алушы қабылдау кезінде тауарларды бақылау сатып алушыға ауысатын белгілі бір уақыт сәтінде танылады.

Агенттік шарттар бойынша табыс Қоғамның тиісті қызметтер көрсетуіне қарай танылады. Осындай шарттар бойынша Қоғам үшінші тараптардың тауарларды немесе қызметтерді ұсынуын ұйымдастырады және оларды түпкі алушыға бергенге дейін бақыламайды, түсім тиесілі агенттік сыйақы мөлшерінде танылады.

Операциялық жалдаудан түскен кіріс ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» сәйкес жалдау мерзімі ішінде біркелкі танылады.

Тұрақтандыру қорының тауарларын өткізу бойынша шығындарды өтеу Қоғам шартта көзделген талаптарды орындайтын және тиісті өтем алу құқығын алатын кезеңде түсімнің құрамында танылады.

25. ӨТКІЗУДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

мың теңге	2025	2024
Сатылған азық-түлік тауарларының өзіндік құны	433,408	157,144
Жалдау бойынша шығыстар және ілеспе шығыстар	91,937	92,550
Өтелген қызметтердің өзіндік құны	7,198	-
	532,543	**249,694**

26. ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

мың теңге	2025	2024 қайта есептелген
Салықтарды қоса алғанда, еңбекақы төлеу бойынша шығыстар	295,732	240,259
Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар	35,095	25,691
Қысқа мерзімді жалдау бойынша қызметтер	18,001	30,757
Бағдарламаларды сүйемелдеу	10,981	8,101
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы	11,417	9,320
Есепке алуға жатпайтын ҚҚС	11,032	4,982
Аудитке және кәсіби қызметтерге арналған шығыстар	4,546	6,293
Іссапар шығыстары	4,867	881
Материалдар	4,138	3,029
Байланыс қызметтері	848	697
Өзге де салықтар	104	11,518
Өзге де шығыстар	25,723	47,287
	422,484	**388,815**

27. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР), НЕТТО

мың теңге	2025	2024 қайта есептелген
Қаржылық кірістер		
Депозиттер бойынша сыйақылар	626,580	309,446
Берілген қарыздар бойынша сыйақылар	294,696	103,674
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активі бойынша сыйақылар	73,750	36,875
Облигациялар бойынша дисконт амортизациясы	9,025	8,234
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша дисконт амортизациясы	2,358	2,682
Қаржылық кірістер жиыны	**1,006,409**	**460,911**
Қаржылық шығыстар		
Алынған қарыздар бойынша сыйақылар бойынша шығыстар	(98,809)	(58,668)
Қаржылық шығыстар жиыны	**(98,809)**	**(58,668)**
Қаржылық кірістер (шығыстар) жиыны	**907,600**	**402,243**

28. ӨЗГЕ ДЕ КІРІСТЕР

мың теңге	2025	2024 қайта есептелген
Өзге де ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен кірістер	312,042	11,915
Үлесті сатудан түскен кірістер	178,311	–
Шағымдар, өсімпұлдар, айыппұлдар бойынша кірістер	25,677	977
Мемлекеттік бажды өтеу	20,499	1,724
Өзге ұзақ мерзімді активтер құнының өсуінен түсетін кіріс	–	157,237
Өзге де кірістер	28,224	5,723
	564,753	**177,576**

29. ӨЗГЕ ДЕ ШЫҒЫСТАР

мың теңге	2025	2024 қайта есептелген
Активтердің шығуынан болған шығыстар	161,271	4,917
Мемлекеттік баждар бойынша шығыстар	14,090	23
Айыппұлдар мен өсімпұлдар бойынша шығыстар	–	1,000
Өзге де шығыстар	22,293	8,075
	197,654	**14,015**

30. ЗАЛАЛДАРДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ/ҚҰНСЫЗДАНУДАН (ЗАЛАЛДАР)

мың теңге	2025	2024 қайта есептелген
Құнсыздануданболған залалдарды қалпына келтіру		
Қысқа мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануы бойынша резервті қалпына келтіру	399,918	–
Қорлардың құнсыздануы бойынша резервті қалпына келтіру	18,109	2,246
	418,027	**2,246**
Құнсыздануданболған залалдар		
Қаржы активтерінің құнсыздануы бойынша резервті есептеу	(500,000)	–
Ақша қаражатының құнсыздануы бойынша резервті есептеу	(274,645)	–
Берілген қарыздардың құнсыздануы бойынша резервті есептеу	(257,625)	(100,420)
Қысқа мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануы бойынша резервті есептеу	(35,028)	(410,750)
Бағалы қағаздардың құнсыздануы бойынша резервті есептеу	(7,224)	–
Берілген аванстардың құнсыздануы бойынша резервті есептеу	(2,741)	–
	(1,077,263)	**(511,170)**
	(659,236)	**(508,924)**

Russell Bedford A+ Partners

31. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ҮНЕМДЕУ/(ШЫҒЫСТАР)

Қоғамның 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін пайдаға салынатын салық бойынша шығыстары мынадай түрде берілген:

мың теңге	2025	2024 *қайта есептелген*
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	-	-
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығыстар)	3,316	(22,296)
Табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығыстар)	**3,316**	**(22,296)**

Қазақстан Республикасында пайдаға салынатын салық жыл (кезең) ішіндегі есепті салық салынатын пайданың 20% мөлшерлемесі бойынша есептеледі. Кейінге қалдырылған салықтар актив өткізілетін немесе міндеттеме өтелетін кезеңге қолданылатын мөлшерлемелер бойынша есептеледі.

мың теңге	2025	2024 *қайта есептелген*
Салық салынғанға дейінгі кіріс	**423,001**	**(114,621)**
20% белгіленген мөлшерлеме бойынша салық	84,600	(22,424)
Танылмаған салық активтеріндегі өзгеріс	20,594	410,608
Бағамдық және өзге де тұрақты айырмашылықтардың салықтық әсері	(101,878)	(410,480)
Табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығыстар)	**423,001**	**(22,296)**
Тиімді салық мөлшерлемесі	1%	(19%)

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің сомасы төменде берілген:

мың теңге	31.12.2025	31.12.2024 *қайта есептелген*
Негізгі құрал-жабдықтар, инвестициялық жылжымайтын мүлік және материалдық емес активтер	(18,980)	(22,296)

Кейінге қалдырылған салық міндеттемесінің қозғалысы былайша берілген:

1 қаңтарда	2025	2024 *қайта есептелген*
Бастапқы сальдо	(22,296)	-
Кірістерге (шығыстарға) жатқызылды	3,316	(22,296)
31 желтоқсанға	**(18,980)**	**(22,296)**

Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері

Кейінге қалдырылған салық активтері Қоғамның осы кейінге қалдырылған салық активтерін есепке жатқызуға болатын болашақ салық салынатын кірістерді алу ықтималдығының жеткіліксіз болуына байланысты мынадай баптарға қатысты танылмаған:

мың теңге	31.12.2025	31.12.2024 *қайта есептелген*
Берілген қарыздар бойынша резерв	202,693	151,168
Қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша резерв	100,000	-
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек бойынша резерв	53,126	126,150
Тасымалданатын салық шығындары	40,714	99,738
Демалыс бойынша резерв	4,040	3,426
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша резерв	2,994	2,994
Бағалы қағаздардың құнсыздануы бойынша резервті есептеу	2,799	1,354
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің дисконты және амортизациясы	1,098	1,570
Төленетін салықтар	13	483
	407,477	**386,883**

32. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ

Егер олардың біреуінің екіншісін бақылауға мүмкіндігі болса, жалпы бақылауда болса немесе екінші тарап қаржылық және операциялық шешімдер қабылдаған кезде елеулі ықпал етуі мүмкін болса, тараптар байланысты деп есептеледі. Байланысты тараптармен өзара қарым-қатынастарды қарау кезінде олардың тек заңдық нысаны ғана емес, осындай өзара қарым-қатынастардың экономикалық мазмұны назарға алынады.

32. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ (жалғасы)

Төменде байланысты тараптармен операциялар бойынша сальдо:

мың теңге	Қауымдасқан компаниялар	Өзге де байланысты тараптар
2025 жылғы 31 желтоқсан		
Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар	2,130,666	–
Әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	–	33,700,000
Алынған қарыздар	–	12,193,773
Алынған аванстар	–	36,270
31.12.2024 қайта саналды		
Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар	2,128,418	–
Әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	–	31,200,000
Дебиторлық берешек	2,007,081	–
Алынған қарыздар	–	8,853,831
Алынған аванстар	–	6,286
01.01.2024 қайта саналды		
Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар	2,125,216	–
Әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	–	31,200,000
Алынған қарыздар	–	2,690,549
Алынған аванстар	–	2,068

Байланысты тараптармен операциялар:

мың теңге	Жалғыз акционер	Қауымдасқан компаниялар
2025		
Капиталды төлеу	2,500,000	–
Дивидендтер	(38,879)	–
Қауымдасқан ұйымдардың пайдасындағы үлесі	–	2,248
2024, қайта есептелген		
Капиталды төлеу	28,187	–
Дивидендтер	(19,371)	–
Қауымдасқан ұйымдардың пайдасындағы үлесі	–	3,202

Негізгі басшы құраммен операциялар

Әкімшілік шығыстарға енгізілген негізгі басқару персоналына сыйақының жалпы сомасы (26-ескертпе) 51,441 мың теңгені (2024 ж.: 39,872 мың теңге) құрайды.

33. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Сот талаптары

Қоғам өзінің операциялық қызметіне қатысты айыппұлдар, қарыз шарты бойынша тұрақсыздық айыбын төлеу талаптары, мемлекеттік сатып алу жөніндегі даулар сияқты әртүрлі маңызды емес сот талқылауларына қатысады. Қоғам қаралатын осындай сот істері немесе жеке-жеке немесе жиынтығында ықтимал талаптар оның қаржылық жағдайына немесе операциялық қызметінің нәтижелеріне қандай да бір елеулі теріс әсер етуі мүмкін деп санамайды.

Қоғам елеулі міндеттемелердің туындау ықтималдығының дәрежесін бағалайды және міндеттемелердің туындау ықтималдығы жеткілікті болғанда ғана қаржылық есептілікте тиісті резервті көрсетеді, ал тиісті міндеттемелердің сомасы негізді түрде айқындалуы мүмкін.

Салық салу

Қазақстандық салық заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілер тұрақты өзгерістер мен әртүрлі түсіндірулердің мәні болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікір алшақтығы жиі кездеседі. Анықталған және расталған қазақстандық салық заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар мен өсімпұлдардың қолданыстағы режимі қатаңдығымен ерекшеленеді.

33. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Салықтық тексерулер Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген талап қою мерзімдері шегіндегі кезеңдерді қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздікке байланысты салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың әлеуетті сомасы, егер бар болса, қазіргі уақыт бойынша шығыстарға жатқызылған және 2025 жылғы 31 желтоқсанда есептелген сомадан асып кетуі мүмкін.

Басшылық 2025 жылғы 31 желтоқсанда қолданылатын заңнаманы түсіндіру тиісті болып табылады және Қоғамның салықтар бойынша ұстанымы расталатын ықтималдық бар деп есептейді.

Экологиялық мәселелер

Қоғам қоршаған ортаны қорғау жөніндегі әртүрлі заңдар мен нормативтік ережелерді сақтауға міндетті. Қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі қазақстандық заңнама үнемі өзгеріп отырады және әртүрлі түсіндірулерге ұшырайды. Басшылық Қоғамның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік талаптарды сақтайтынына сенімді болғанымен, шартты міндеттемелердің жоқтығына сенімді болуға болмайды.

Қызметті жүргізу шарттары

Қазақстанда нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін экономикалық реформалар мен құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымды дамыту жалғасуда. Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

2025 жыл ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сақталып отырған инфляциялық қысым жағдайында базалық мөлшерлемені жылдық шамамен 16-18% деңгейінде ұстап тұра отырып, біркелкі қатаң ақша-кредит саясатын жүргізді. Сыртқы инфляциялық факторлар тұтастай алғанда шикізат және азық-түлік тауарларына әлемдік бағалардың тұрақтануы аясында қалыпты күйінде қалды, алайда ішкі инфляция тұрақты тұтынушылық сұраныстың, фискалдық ынталандырудың және сақталып отырған инфляциялық күтулердің әсерінен қалыптасты.

Қоғам осы оқиғалардың өз қызметіне әсерін, қаржылық жағдайын және қаржылық жағдайларын бағалауды жалғастырады. Қоғам басшылығы Қоғамның экономикалық тұрақтылығын ағымдағы жағдайда ұстап тұру жөнінде тиісті шаралар қолданады деп санайды.

Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысу шеңберінде Қоғам қатысу сипатына қарай туындайтын шартты және әлеуетті міндеттемелердің болуын - активтер мен міндеттемелерді баланста не активтерді танымайтын агент рөлінде тану арқылы оператор нысанында бағалайды.

Мемлекеттік бағдарламалар

1. Қаржылық жағдай туралы есепте активтер мен міндеттемелерді танитын бағдарламалар

«Тұрақтандыру қоры» бағдарламасы

Қоғам әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетігін іске асыруға қатысады. Алынған нысаналы қаражат қаржылық міндеттемелердің құрамында, ал кәсіпкерлік субъектілеріне берілген қарыздар мен сатып алынған тауарлар тиісті активтердің құрамында танылады.

Қаражат тек қана бюджеттік бағдарламаның және жасалған шарттардың шарттарына сәйкес пайдаланылуға тиіс. Қаражатты мақсатсыз пайдаланған, қаржыландыру шарттарын сақтамаған немесе игермеген жағдайда Қоғамда тиісті сомаларды қайтару және шарттарда көзделген санкцияларды төлеу жөніндегі міндет туындауы мүмкін.

Russell Bedford A+ Partners

33. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

«Шағын өнеркәсіптік аймақтар» бағдарламасы

Қоғам шағын өнеркәсіп аймақтарын құру бағдарламасын іске асыруға қатысады. «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-дан алынған қаржыландыру қаржылық міндеттемелердің құрамында, ал түпкі қарыз алушыларға берілген қарыздар - қаржылық активтердің құрамында танылады.

Алынған қаражаттың нысаналы мақсаты бар және ол бағдарламаның талаптарына сәйкес келетін жобаларды қаржыландыру үшін ғана пайдаланылуы мүмкін. Мақсатты пайдалану шарттары бұзылған, белгіленген көрсеткіштер орындалмаған не түпкі қарыз алушылар қарыздарды мерзімінен бұрын өтеген кезде Қоғамда қаржыландырушы ұйымның тиісті қаражатын қайтару жөнінде міндеттеме туындауы мүмкін.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басшылық көрсетілген бағдарламалардың шарттарын немесе бағалау міндеттемесін тануға әкеп соғуы мүмкін қаражатты қайтару туралы талаптарды елеулі түрде бұзу жағдайларын анықтаған жоқ.

2. Агенттік моделі бар бағдарламалар

«Ауыл Аманаты» бағдарламасы

«Ауыл Аманаты» бағдарламасы шеңберінде Қоғам ауыл халқына микрокредит беру және сүйемелдеу жөніндегі агент немесе сенім білдірілген өкіл ретінде әрекет етеді.

Қоғам берілген қаражатты бақыламайтындықтан және негізгі кредиттік тәуекелдерді көтермейтіндіктен, тиісті ақша қаражаты, мемлекеттік орган алдындағы қарыздар мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте танылмайды. Осы операциялар бойынша ақпаратты Қоғам бағдарламаны бақылау және әкімшілендіру мақсаттары үшін жүргізеді. Кірістер құрамында Қоғамға тиесілі агенттік сыйақы ғана танылады.

Қоғамның міндеттемелері бағдарламаның шарттары бұзылған, оператор функциялары тиісінше орындалмаған, дұрыс емес есептілік ұсынылған не Қоғам жасалған шарттарға сәйкес жауапты болатын қаражатты мақсатсыз пайдалану фактілері анықталған жағдайда туындауы мүмкін.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан Қоғам атына шағымдар түскен жоқ. Басшылық резервті тану критерийлеріне жауап беретін міндеттемелерді не жеке сандық бағалауды талап ететін шартты міндеттемелерді анықтаған жоқ.

34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

Өз қызметіне байланысты Қоғам өзінің қаржы құралдарымен байланысты әртүрлі қаржылық тәуекелдерге ұшырайды. Қоғамның негізгі қаржы құралдары мыналарды қамтиды: клиенттерге кредиттер, саудалық және өзге де дебиторлық берешек, ақша қаражаты және олардың баламалары, берілген қарыздар мен кредиттер, саудалық және өзге де кредиторлық берешек. Қаржы құралдары бойынша туындайтын негізгі тәуекелдер өтімділік тәуекелі, кредиттік тәуекел және валюталық тәуекел болып табылады.

Russell Bedford A+ Partners

34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)

Қоғамның қаржы құралдары мынадай түрде берілген:

мың теңге	31.12.2025	31.12.2024 қайта есептелген	01.01.2024 қайта есептелген
Қаржы активтері:			
Әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	33,700,000	31,200,000	31,200,000
Инвестициялық бағалы қағаздар	82,113	80,312	72,078
Берілген қарыздар - ұзақ мерзімді бөлім	7,903,636	9,047,500	-
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	11,550	14,060	16,247
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активі	-	500,000	-
Берілген қарыздар - қысқа мерзімді бөлім	3,288,365	2,349,212	1,168,338
Саудалық және өзге де дебиторлық берешек	32,670	1,642,096	29,512
РЕПО бойынша актив	1,999,310	-	-
Банк депозиттері	-	2,131,058	571,360
Ақша қаражаты және олардың баламалары	10,832,180	5,740,154	1,503,080
	57,849,824	**52,704,392**	**3,360,615**
Қаржылық міндеттемелер:			
Алынған ұзақ мерзімді қарыздар	20,253,212	18,774,666	2,682,865
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	2,257,132	2,257,132	2,257,132
Алынған қысқа мерзімді қарыздар	2,228,599	42,911	19,112
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек	11,110	12,279	44,772
	24,750,053	**21,086,988**	**5,003,881**

Кредиттік тәуекел

Қоғам кредиттік тәуекелге ұшырайды, ол қаржы құралымен жасалатын операция тараптарының бірі шарт бойынша міндеттемелерді орындамау салдарынан екінші тараптың қаржылық шығындарға ұшырауына себеп болу тәуекелі болып табылады. Кредиттік тәуекел Қоғамның оның салдарынан қаржы активтері туындайтын қарсы агенттермен кредиттік және өзге де операциялары нәтижесінде туындайды. Қоғамның кредиттік тәуекелге ұшырауы ықтимал қаржы активтері негізінен ақша қаражатын және олардың баламаларын, депозиттерді, байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегін қамтиды. Қоғамның ең жоғары тәуекелі осы құралдардың баланстық құнына тең:

мың теңге	31.12.2025	31.12.2024 қайта есептелген	01.01.2024 қайта есептелген
Инвестициялық бағалы қағаздар	82,113	80,312	72,078
Берілген қарыздар - ұзақ мерзімді бөлім	7,903,636	9,047,500	-
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	11,550	14,060	16,247
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активі	-	500,000	-
Берілген қарыздар - қысқа мерзімді бөлім	3,288,365	2,349,212	1,168,338
Саудалық және өзге де дебиторлық берешек	32,670	1,642,096	29,512
РЕПО бойынша актив	1,999,310	-	-
Банк депозиттері	-	2,131,058	571,360
Ақша қаражаты және олардың баламалары	10,832,180	5,740,154	1,503,080
	24,149,824	**21,504,392**	**3,360,615**

Қоғам ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес ақша қаражаты және өзге де қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервін таниды.

Кредиттік тәуекелді басқару мақсатында ақша қаражаты Қоғам басшылығы мақұлдаған қаржы ұйымдарында белгіленген лимиттер шегінде орналастырылады. Лимиттерді белгілеу кезінде кредиттік рейтингтер, қарсы агенттердің қаржылық жағдайы және реттеуші мәртебесі, мемлекеттік қолдаудың болуы, қаражатты орналастыру мерзімі және кредиттік тәуекелдің шоғырлануы ескеріледі.

Банктердің және өзге де қаржы ұйымдарының кредиттік сапасы, егер мұндай рейтингтер берілген болса, халықаралық кредиттік рейтингтер, сондай-ақ қолжетімді қаржылық және өзге де ақпарат негізінде бағаланады. Жария кредиттік рейтингі жоқ не қаржылық қиындықтар белгілері бар қарсы агенттер бойынша қалдықтар жеке бағаланады.

Russell Bedford A+ Partners

34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)

Бастапқы танылған күннен бастап кредиттік тәуекелі елеулі ұлғаймаған ақша қаражаты бойынша резерв дефолт ықтималдығы, дефолт кезіндегі шығындар деңгейі және қаражатты орналастыру мерзімі ескеріле отырып, он екі айлық күтілетін кредиттік залалдар мөлшерінде айқындалады.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі - бұл қаржы құралдарымен байланысты міндеттемелерді өтеу үшін қаражат алу кезінде Қоғамда қиындықтардың туындау тәуекелі.

Өтімділік тәуекелі қаржы активін оның әділ құнына жақын баға бойынша жылдам сатудың мүмкін еместігі нәтижесінде туындауы мүмкін. Қоғам өтімді қаражатқа деген қажеттілікті үнемі қадағалап отырады және басшылық кез келген алда болатын міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қамтамасыз етеді.

Төменде дисконтталмаған пайыздық төлемдердің есеп айырысу сомаларын қоса алғанда, қаржылық міндеттемелерді өтеудің шарттық мерзімдері туралы ақпарат берілген:

мың теңге	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	Жиыны
31.12.2025				
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек	11,110	-	-	**11,110**
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	-	-	2,257,132	**2,257,132**
Алынған қарыздар	-	2,228,599	20,253,212	**22,481,811**
	11,110	**2,228,599**	**22,510,344**	**24,750,053**
31.12.2024 қайта саналды				
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек	12,279	-	-	**12,279**
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	-	-	2,257,132	**2,257,132**
Алынған қарыздар	-	42,911	18,774,666	**18,817,577**
	12,279	**42,911**	**21,031,798**	**21,086,988**
01.01.2024 қайта саналды				
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек	44,772	-	-	**44,772**
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	-	-	2,257,132	**2,257,132**
Алынған қарыздар	-	19,112	2,682,865	**2,701,977**
	44,772	**19,112**	**4,939,997**	**5,003,881**

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі

Қоғамның есепті күнге 31 желтоқсанда ауыспалы сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздары мен кредиттері жоқ. Қоғам тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар ешқандай қаржы құралдарын кезең ішіндегі пайда мен залалдың құрамында оның өзгерістерін көрсете отырып, әділ құн бойынша бағаланатын құралдар үшін көзделген тәртіппен ескермейді. Сондықтан есепті күнге сыйақы мөлшерлемелерінің қандай да бір өзгеруі кезең немесе капитал үшін пайда немесе залал шамасына әсер етпес еді.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел - бұл қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны валюталық бағамдардағы өзгерістердің салдарынан ауытқу тәуекелі. Қоғамның шетел валютасының айырбас бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырауы Қоғамның операциялық қызметіне жатады. Қоғамның функционалдық валютасынан өзгеше қаржы құралдары жоқ және ол валюталық тәуекелге ұшырамайды.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржы құралдарының әділ құны тиісті актив бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасындағы әдеттегі мәміле шеңберінде сатылуы немесе міндеттеме берілуі мүмкін сомаға сүйене отырып айқындалады.

Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері әрбір есепті күнге әділ құн бойынша көрсетіледі. Бағаланбайтын үлестік құралдар әділ құн сатысының 3-деңгейіне жатады және ақша ағындарының болжамдарына, таза активтердің құнына, қаржылық модельдерге және өзге де бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген бағалау әдістерін пайдалана отырып бағаланады.

34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)

Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін облигациялардың әділ құны қолжетімді нарықтық баға белгілеу не өзге де байқалатын нарықтық деректер негізінде айқындалады. Белсенді нарық болмаған кезде бағалаудың тиісті әдістері пайдаланылады.

Ақша қаражатының және олардың баламаларының, банк депозиттерінің, кері РЕПО операциялары бойынша активтің, саудалық және өзге де дебиторлық берешектің, сондай-ақ саудалық және өзге де кредиторлық берешектің баланстық құны осы қаржы құралдарының қысқа мерзімді сипаты салдарынан олардың әділ құнына шамамен сәйкес келеді.

Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде берілген және алынған қарыздар бастапқыда мәміле бағасы бойынша танылады. Басшылық бағдарламаларда көзделген шарттық мөлшерлемелер мемлекеттік бағдарламалық қаржыландырудың тиісті нарығының шарттарын көрсетеді деп санайды. Осыған байланысты тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген олардың баланстық құны шамамен әділ құнға сәйкес келеді.

«Central Stroy» ЖШС-мен шарт бойынша қаржы активінің әділ құны контрагенттің күтілетін ақша ағындары мен кредиттік тәуекелі ескеріле отырып айқындалады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы актив бойынша толық жалпы баланстық құн мөлшерінде күтілетін кредиттік залалдарға резерв танылды.

Басшылық амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы құралдарының әділ құны олардың баланстық құнынан айтарлықтай өзгеше екендігінің белгілерін анықтаған жоқ. Бұл қорытынды құралдардың сипатына, шарттық талаптарға, өтеу мерзімдеріне және контрагенттердің кредиттік тәуекелін бағалауға негізделген.

35. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2026 жылғы қаңтарда жалғыз акционер Қоғамның «Tengri Tyres» ЖШС жарғылық капиталындағы 51% мөлшеріндегі қосымша қатысу үлесін сатып алудың артықшылық құқығын іске асырудан бас тарту туралы шешім қабылдады. Бұл шешім Қоғамның қазіргі қатысу үлесінің мөлшеріне әсер етпеді және 2025 жылғы қаржылық есептілікті түзетуді талап етпеді.

Есепті күннен кейін Директорлар кеңесі Қоғамның 2,000,000,000 жай акцияларын бір акция үшін жалпы сомасы 2,000,000 мың теңгеге 1 теңге бағамен орналастыру туралы шешім қабылдады. Акцияларды орналастырудан түскен қаражатты Қоғам 2026 жылғы ақпанда алды. Көрсетілген оқиға 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша акционерлік капиталдың құрамында көрсетілмеген.

Есепті күннен кейін Қоғам «Номад» фирмасы ЖШС-де 9,15% мөлшеріндегі қатысу үлесін сатуды аяқтады. Қатысушылар құрамындағы өзгерістерді мемлекеттік қайта тіркеу 2026 жылғы 23 маусымда аяқталды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсетілген инвестицияның баланстық құны 150,000 мың теңгені құрады және ол сатуға арналған актив ретінде жіктелді. Сатып алу-сату шарты жасалды, ал сатып алушыдан аванс есепті кезең аяқталғанға дейін алынды. Инвестицияларды тануды тоқтатудың нәтижесі мәміленің аяқталу кезеңінде көрсетілетін болады.

2026 жылғы қаңтарда Қоғам Басқармасы еншілес, тәуелді ұйымдарды және өзге де инвестициялық активтерді сауда-саттыққа шығарудың кестесі мен жол картасын бекітті. Көрсетілген іс-шаралар Қоғам жүргізетін инвестициялық портфельді оңтайландырудың бір бөлігі болып табылады.

Жоғарыда ашылған оқиғаларды қоспағанда, 2025 жылғы 31 желтоқсаннан кейін және осы қаржылық есептілікті бекіту күніне дейін өзге де елеулі оқиғалар болған жоқ.

Russell Bedford A+ Partners